

УДК 94(574)

*Күзембайұлы, А.,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор  
ҚМПИ, Қостанай*

## **АКАДЕМИК М.Қ. ҚОЗЫБАЕВ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

### **Түйіні**

*Мақала академик М.Қ. Қозыбаевтың туғанына 85 жыл толу қарсаңында ұйымдастырылған конференциядағы баяндаманың негізінде жазылған. Автор академик еңбектерінде қазақ тарихының қазан төңкерісіне дейінгі тарихындағы методологиялық проблемаларды шешудегі оның табыстарына арналған. Зерттеу нәтижесінде оның тарих ғылымына қосқан үлесіне зор баға беріледі.*

*Мақаланың мәнін ашатын сөздер: тарих, тарихнама, әдіс, әдіснама, деректер, ру-тайпа, қоғамдық қатынастар.*

XX ғасырдың 90 жылдары қазақ тарихын концептуалды қайта жазу тарихшылар алдындағы негізгі міндетке айналғандай болды. Осыған дейін «Орталық» орыс емес халықтардың көне тарихын зерттеуі жарата қоймаған болатын. еді. Сол себепті ұлт тарихшылары негізінен капиталистік шаруашылық жүйсін басынан өткізбеген халықтардың социализмге өту тәжірибесін зерттеуге қатты назар аударуы қажет болды. Осы жөнінде том-том кітаптар жазылды ондаған-жүздеген диссертациялар қорғалды.

Манаш Қабашұлының осы күнгі оппонентері оның шығармаларының басым көпшілігі қазақ елінің Кеңес дәуірінің тарихына арналған деп кінәлайды. Әрбір тарихшы өз заманының перзенті. Коммунистік партия М. Қозыбаев сияқты талантты ғалымдарды пайдалана білді. Оларға қызмет берді, ғылыммен айналысуға қажетті жағдай жасады. Ғалымдардың басым көпшілігі «кімнің тарысты ерте піссе соның тауығы» болуға тырысты.

Манаш Қабашұлы патриот-ғалым. Отансүгіштік сезім тек тарихи сана арқылы қалыптасатындығын басқалардан гөрі ерте түсінген тарихшы. Сондықтан ол өз шығармаларының тәрбиелік жағына қатты көңіл аударды.

Академик М.Қ. Қозыбаев көзі тірісінде 800-ден аса еңбек жазған екен, соның 500-ге жақыны тәуелсіздік жылдары жазылыпты. Бұл еңбектерінің қатарына «История и современность», «Ақтаңдақтар ақиқаты», «Жауды шаптым ту байлап», «Тарих зердесі», «Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски», «Өркениет және ұлт» атты еңбектері жарық көрді. Бұл кітаптарда «ол қазақ тарихына, сол халықтың тұрғысынан қарауы керек» деген тарихи танымның жаңа принципін негіздеді. «Тарихтың ащы сабағы» деп аталатын кіріспе сөзінде ол «Тарихшылардың туған халқы алдындағы қарызы белшесінен екені айқын көрінеді» (М.Қ. Қозыбаев, 1992, 5 б.) – деп жазды. Тарихи процестер мен уақиғаларға таптық, партиялық принциптер негізінде баға беру қажеттілігіне үлкен соққы болып тиген осы тұжырым, ғалымның азаматтық ерлігі еді. Міне содан бастап еліміздің тарих сүйер қауымы қазақ тарихы жөнінде ұлттық тұрғыдан жазылған ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиттерді оқи бастады.

Қай қазақты болмасын мазалайтын мәселе «біз қайдан шықтық, енді қайда барамыз» деген түбі жоқ-терең, ұшы – қиыры жоқ-ұзақ проблема. Академик қазақ халқының шығу тегі мен қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу мәселесіне қатты көңіл аударады, шешімін табуға тырысады. Ғалымның екінші бір теориялық тұжырымы қазақтың этнос болып қалыптасуына байланысты. Қазақ этногенезіне қалам тартқан тарихшылардың саны саусақпен санарлық. Жаппар Асфендияров, Әділгереев, Мұсатай Ақынжанов бастап аяғына дейін жеткізе алмаған проблеманы қайта көтеріп қазақтың халық ретінде осы территорияда сонау көне заманда

пайда болып өсіп-өркендеп, көшпенділер өркениетін жасап, ұрпақ өсіріп, ішкі және сыртқы жаулардан елін қорғап, әлемдік мәдениетке өз үлесін қосты. Сөйтіп Манаш Қабашұлы қазақтың өз топырағында өмір сүріп жатқандығын дәлелдеді.

Бүкілқазақтық тұңғыш құрылтайында жасаған баяндамасында ол халқымыздың ұзақсонар тарихын кезеңдеуге тоқталады. *«Адам баласы қазақ сахарасында пайда болып, өмір сүрген тайпалар белесі, сақ-ғұндар заманасы, түркі тектес тайпалар дәурені, қыпшақ белесі, мұңғыл үстемдігі, қазақ хандықтары, халық, ұлттың қалыптасуы, отаршылдық бұғауында, қазақ халқы кеңес империясының уысында, қазақ халқы егеменді ел болған шағы»* (М.Қ. Қозыбаев, «Ақиқат», 1992) деп ғалым бүкіл қазақ тарихын тоғыз белеске бөліп тастайды.

Манаш Қабашұлы зерттеуінде «түрік» деген этнонимнің қытай жылынамаларында 542 жылы кездескендігі, қытайлықтар VI ғ. түріктерді суннудің – ғұндардың бұтағы деп санағандығы келтіріле отырып, Түркі қағанатының мекендеген территорияларын нақты көрсетеді. «Қазақ» атауының төркіні туралы тың деректер келтірген. Ғалымның болжауынша «қыпшақ», «қазақ» атаулары қатар шыққан. «Қазақ» атауының нақтылай қай ғасырда пайда болғандығын талдай келе, «қыпшақ атауымен халық болып танылған қазақ барша түркі әлемінің кара шаңырағы болды» (М.Қ. Қозыбаев, 2009, 17 б.) деген тұжырым жасайды.

Тарихшы қауым Алаш деген сөзден үркіп-қорқып ат-тонын ала қашқан кезде «Алаш – қазақ халқы деген ұғым. Алаш – еліміздің ежелгі аты. Ол ғасырдың басындағы ұлттық санасында өсу процесінің құрамдас бөлігі» – деп алғаш айтқан М.Қ. Қозыбаев болды. Тарихшы қауым Алаш деген сөзден үркіп-қорқып ат-тонын ала қашқан кезде *«Алаш – қазақ халқы деген ұғым. Алаш – еліміздің ежелгі аты. Ол ғасырдың басындағы ұлттық санасында өсу процесінің құрамдас бөлігі»* – деп алғаш айтқан М.Қ. Қозыбаев болды (М.Қ. Қозыбаев, 1992, 17 б.).

Манаш Қабашұлы қазақ халқының шығу тегі мен мемлекет болып қалыптасу тарихы турасында маңызды да аса қажетті мәліметтер келтіреді. Қазақстан территориясында мекендеген ертедегі Батыс Түрік, Түркеш, Қарлұқ, Оғыз мемлекеттердің түркі халықтарының түп төркінін қалыптастырғандығын айта келе, қазақтардың халық ретінде қалыптасуы осы мемлекеттер тұсынан бастау қажеттігін ұсынады. Қазақтардың халық болып қалыптасуы мен тарих сахнасына шыққаннан кейінгі генеалогиялық тарихын ауызша тарих айту дәстүрінсіз, шежіресіз шешу мүмкін еместігін де атап өтеді. Л. Мерей, Н. Паллас, А. Левшин сияқты орыс тарихшыларының қазақ халқын «құранды» деген пікірлеріне қарсы шығады.

Шыңғысхан ұрпағының орнатқан Алтын Орда мемлекеті турасындағы жазған зерттеуінде М. Қозыбаев бұл мемлекетті «полиэтникалық» мемлекет деп көрсетеді. Моңғол шапқыншыларының қыпшақ мәдениетіне бас иіп, қыпшақ тілін халықаралық тілге айналдырып, орыс княздықтарының сарайларында қыпшақша сөйлеу мәдениеттілігін танытқандығын жаза отырып, бұл Алтын Орданың негізінде Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Сібір, Қазан, Хажы-Тархан, Қырым, Қазақ хандықтары, көшпелі өзбек ұлысы, әмір Темір империясы, Моғолстан, Өзбек ұлысы сияқты мемлекеттердің өрбігендігін, XIV ғасырда Ақ Орда қазақ хандығына айнала бастағандығын баса келтіреді.

Ғалым Қазақ хандығының құрылуын Жошы әулеті, Орыс хан мен оның немерелері бір ғасырдай негіздегенін, ал Керей хан мен Жәнібек сұлтан 1465-1466 жж. Қазақ хандығының егеменділігін жариялап, тәуелсіз ел болғандығын талдаған. Қазақ халқының біртұтас болып бірігуі мен қазақ халқының өрлеуін Жәнібек пен Қасым ханның тұсына жатқызып, Қасым хан билігі тұсындағы саяси жағдайға тоқталып, Қасымханның Қазақ мемлекетіне сіңірген еңбегін орыстың Ұлы Петр I еңбегімен салыстырады.

М. Қозыбаев ұлт-азаттық қозғалыстың сатыларын, белестерін, асуларын саралап ашып көрсетуге тырысты. Ол ұлт-азаттық қозғалыс барысын жеті кезеңге бөліп, бірінші кезеңге қазақ халқының құрамына кірген тайпалардың Сібір жұртын жаулап алуға қарсы азаттық қозғалысын жатқызды. Екінші кезеңде қазақ елінің Жетісу, Сыр бойы жоңғарларға, Қоқан-Хиуа хандық-тарына тәуелді болып, жоңғарларға қарсы Отан соғысы болғандығын,

бұл кезеңде үш жүздің басы одан әрі бірігіп, ұлттық дәрежеге көтерілгендігін айтса, ал үшінші кезеңде қазақ халқының Ресейге бодан болуға қарсылық білдіру барысын айқындап, төртінші кезеңге патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы көтерілген Сырым Датов, Исатай Тайманов көтерілісін, ал бесінші кезең барысына Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілісті жатқызады. Алтыншы кезең ХХ ғасыр басында қалыптасқан зиялы қауым өкілдерінің патша саясатына мерзімді баспасөз арқылы қарсы шығуы мен патша жарлығына қарсы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске ұласуы барысын, ал жетінші кезеңге 1917 жылғы Ақпан мен Қазан революциясын жатқызады.

Қазақстанның Ресейге қосылу мәселесіне орай ғалым ең алдымен «қосылу» деген сөздің өзіне тоқталып, оның мәнін түсіну қажеттігін атайды. Ресейдің кейбір зерттеушілерінің «империя «отар» дегенді білмеді» деген пікірлеріне қарсы шықты. Орыс империясының отаршылдық саясатын ағылшын, француздардың отаршыл саясатымен салыстырып, Қазақстанның Ресей қол астына бүтін кіруін мәңгілік айқындап берген екінші стратегиялық кезеңді І Петр билігімен байланыстырады. Азияны «құлып пен қақпаға» теңеген патша саясатының «елді табанына басып, халқын «бұратана» атап, қамырша илегенін айта келе, қазақтардың Ресейге қосылуының маңыздылығына баса тоқталады. Орыстар қазақ жерінен бұрын Қазан, Астрахан, Сібір хандықтарын жаулап алғандығын, Сібірді жаулау Ермак есімімен байланысты екендігін нақтылап көрсетеді. Сібірді жаулап алып отырған Ермак емес, отаршыл.

М.Қ. Қозыбаев Ермактың тексіз баукеспе қарақшы екендігін Ресей шіркеуінің Ермактан әулие жасауының арамзалығын Ресей империясының отаршылдық саясатының түп негізін жан-жақты ашты. Манаш кезінде қырғыншылық заманының қолшоқпары болғаны әйгілі Сібір отаршысы Ермактың есімін қападан алып тастау жөнінде тұңғыш рет ғылыми дәлдігі мен еліміздің бас тарихшысы ретінде батыл үн қатты. Кейін Ермактың ескерткіші де алынды. Үшінші теориялық тұжырым қазақ мемлекетінің шекарасына байланысты. 80 жылдардың аяғында Ресей баспасөз беттерінде шетелден отанына қайта оралған А.И. Солжениценнің «Ресейдің көсегесін қалай көгертеміз» – деп аталатын мақаласында «Қазақстанның солтүстік облыстары орыстың жері» деген тұжырымы айтылды. Сол-ақ екен ұлы державалық, империялық көзқарастағы орыс ұлтшылдары Ресейде де, Қазақстанда да бұл әңгімені одан әрі өршітіп әкетті. Осыған жауап ретінде Манаш Қабашұлы бастаған тарихшылардың бір тобы баспасөз бетінде оларға қирата соққы беріп, қазақ халқы өзінің бірде-бір шаршы метр жерін ешкімге бермейтіндігін әлемге аян етті.

Қазақ тарихнамасында көп жазылса да, терең зерттелсе де шешімін таппаған мәселелердің бірі әр кезеңдегі ұлт-азаттық қозғалыстың сипаты болатын. Ол, еліміздегі тарихшылардың көшбасшысы ретінде, ұлт-азаттық қозғалысқа байланысты бірнеше методологиялық маңызы бар мәселелерге тоқталды.

*Біріншіден* орыстың отаршылдық саясаты батыс еуропалық елдердің саясатынан жұмсақ болды. Тіпті Ресей «ұлт аймақтардан пайда табудың орнына зиян шекті» деген кейбір зерттеушілерге соққы берді. «Жоқ, орыс империясының отаршыл саясаты ағылшындардан, француздардан өзгеше сипатта болған емес, Отаршылдықтың аты – отаршылдық, отардың аты – отар» – деп жазды автор (М.Қ. Қозыбаев, 1994, 18 б.). Ол ғылымда алғашқы рет қазақ жерін жаулаған тек қана патша үкіметі ме деген сұраққа былай деп жауап беріп: «сөз жоқ, біз отаршыл саясатты жүргізген үстем тапты кінәлаймыз. Бірақ, орыс халқы осы саясаттан құр алақан қалды ма? Оның оған ешбір қатысы жоқ па? Отаршыл саясаттың ол іске асырушысы болмады ма?!» Сөйтіп ол қазақ жерін отарлаған тек қана Ресей үкіметі емес бүкіл орыс халқы деп қорытынды жасайды.

*Екінші* бір методологиялық мәселе – ол Ресейдің қазақ халқының тағдырына тигізген ықпалы жөнінде. Бұл туралы ғылымда бір жақты ғана пікір бар. Кенес дәуірінің тарихшылары орыс мәдениетінің қазақ даласындағы оң көріністерін көрсетуден жалыққан емес. Академик ағамызда сол оң құбылыстың бесеуін түгендей келіп «қалай болғанда да қазақтың Ресей-

ге қосылуы-ның прогресті жағы болмады деу диалектикаға қайшы пікір» – дей келе орыс отаршылдығының сұрқия саясатын дәлелдеп берді (М.Қ. Қозыбаев, 1994, 19-20 б.).

*Үшінші* бірі методологиялық маңызы бар мәселенің бірі «ұлт-азаттық қозғалысы», «Отан соғысы», «ұлт азаттық революциясы», «демокро-тиялық қозғалыс», сияқты ұғымдар және олардың ішкі мазмұны. Автор осы ұғымдарға талдау жасай отыра, әрқайсысына сипаттама береді. Ұлт-азаттық қозғалыс отар елдерге тән процесс. Әр түрлі әлеуметтік топтардан тұратын езілуші халық, барлығы жиналып отаршылдыққа қарсы тұрады. Қозғалыстың негізгі мақсаты ұлттық езгіден босау, ұлттық мүддесін қорғайтын мемлекеттілігін қалпына келтіру. Ал Отан соғысы агрессор елге қарсы соғыс, елдің мемлекеттілігін, бостандығын, тәуелсіздігін, ұлттың мүд-десін қорғау үшін күрес. М. Қозыбаев жоңғарларға қарсы болған ұзақ соғысты Отан соғысы деп атайды. «*Меніңше, XIX ғасырдағы Кенесары хан бастаған Ресей отаршыларына қарсы соғысты Екінші Отан соғысы деп атауға болғандай. Ұлт-азаттық көтеріліс – ұлт-азаттық қозғалыстың бір түрі*» (М.Қ. Қозыбаев, 1994, 21 б.). Көтеріліс барысында халық қолына қару алады. Көтерілісшілер шеңбері бір аумақтың көлемінен шығып, елдің көпшілік бөлігін қамтыса, бүкіл халықтық дәрежеге көтерілсе, мұндай процесті ұлт-азаттық революция деп атауға болады деп қорытындылайды автор. «Қалай болғанда да біз тарихи әдебиетте терминдерге, ұғымдарға мән бергеніміз жөн. Тарихи оқиғаларды қаз қалпында жазу барысында бұл өте керек-ақ» – деп ескертеді (М.Қ. Қозыбаев, 1994, 21 б.).

*Төртінші* методологиялық мәселе ұлт-азаттық қозғалыстың сатылары, белестері, асулары. Бұл процесті XVI ғасырдан бастаған ол жеті кезеңге бөліп, 1990 жылмен аяқтайды. Сөйтеді де әрбір кезеңге сипаттама береді. «Әрине, бұл кезеңдеу бірден бір дұрыс пікір дегеннен аулақпыз. Бұл шартты түрдегі кезеңдеудің жалпы сұлбесі іспетті. Ұлт азаттық қозғалысын типке бөлу, олардың даму заңдылықтарын аша түсу болашақ зерттеушілердің еншісі болса керек» – деп аяқтайды автор. Оның бұл тұжырымымен келіспеске болмайды.

Міне, өздеріңіз байқағандай, академик М.Қ. Қозыбаевтың қазақ тарихының қандай мәселесі болмасын пікір білдірмей қалғаны жоқ. Тарих ғылымы теориясының негізін қалаушы ағамыздың айтары әлі де мол еді. Қаламы өткірленген, ойы кемелденген, екінші демі ашылған шағында өмірден өзды. Біздің пікірімізше, оның шәкірттері, оның еңбегін зерттеп жүрген тарихшылардың жаңа ұрпағы қазақ тарих ғылымын одан да әрі биік деңгейлерге көтерер.

### Әдебиет тізімі

Қозыбаев, М.Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты [Мәтін] / М.Қ. Қозыбаев. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.

Қозыбаев, М.Қ. Ата тарихы туралы үзік сыр [Мәтін]: қазақ халқының тағдыры туралы / М.Қ. Қозыбаев // Ақиқат. – 1992. – №12.

Қозыбаев, М.Қ. Жауды шаптым ту байлап [Мәтін] / М.Қ. Қозыбаев. – Алматы: Қазақстан, 1994.

Қозыбаев, М.Қ. Киелі тәуелсіздік [Мәтін] / М.Қ. Қозыбаев. – Алматы: Баспалар үйі, 2009.

Қозыбаев, М.Қ. Өркениет және ұлт [Мәтін] / М.Қ. Қозыбаев. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001.

Қозыбаев, М.Қ. Сақ болайық, сахнада кәсіби арандатушы [Мәтін] / М.Қ. Қозыбаев // Егеменді Қазақстан. – 1996. – 23 қыркүйек.

Қозыбаев, М.Қ. Тарих зердесі [Мәтін] / М.Қ. Қозыбаев. – Алматы: Ғылым, 1998.

Тәттіғұлов, Ә. Өркениеттің дарабозы [Мәтін] / Ә. Тәттіғұлов // Отан тарихы. – 2002. – 24 шілде.

Козыбаев, М.К. История и современность [Текст] / М.К. Козыбаев. – Алматы: Ғылым, 1991.

Козыбаев, М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски [Текст] / М.К. Козыбаев. – Алматы: [б.и.], 2000.

Козыбаев, М.К. Откуда «есть-пошла» казахская земля [Текст] / М.К. Козыбаев // Мысль. – 1994. – №1. – №2.

*Мәлімет редакцияға түсті: 14.12.2016*

**КУЗЕМБАЙУЛЫ, А.**

**АКАДЕМИК М.К. КОЗЫБАЕВ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ  
ДОРЕВОЛЮЦИОННОЙ ИСТОРИИ**

*Статья написана на основе доклада автора на научно-теоретической конференции, посвященной 85-летию академика М.К. Козыбаева. Освещается неоценимый вклад академика в изучение методологических проблем истории Казахстана дореволюционного периода. Отмечается, что проблемы обозначенные М.К. Козыбаевым до сих пор ждут своих исследователей.*

**Ключевые слова:** история, историография, источники, род, племя, народ, период.

**KUZEMBAYULY, A.**

**ACADEMICIAN M.K. KOZYBAYEV AND METHODOLOGICAL PROBLEMS OF PRE-  
REVOLUTION HISTORY**

*The article was written by the author of the report on the scientific-theoretical conference dedicated to the 85th anniversary of an academician M.K. Kozybayev. It illuminates an invaluable contribution to the academic study of methodological problems in the history of Kazakhstan before the revolutionary period. It is noted that certain issues, noted by M.K. Kozybayev, are still waiting to be explored.*

**Keywords:** history, historiography, source, clan, tribe, people, period.